

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

**Наурыз мерекелік іс-шара
(ұлттық құндылықты дәріптеу)**

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Аманғалиева Б.А.

«Армысың, аз Наурыз!» ертеңгілігі.

Мақсаты:

Балаларды Наурыз мерекесінің мәнімен таныстыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрге құрмет сезімін қалыптастыру.

Безендірілуі:

Киіз үй, ұлттық ою-өрнектер, дастарқан, ұлттық бұйымдар, гүлдер мен шарлар.

Ертеңгіліктің барысы

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар және бүлдіршіндер!

Көктемнің шуақты мерекесі – аз Наурыз құтты болсын! Наурыз – жаңару мен жақсылықтың, береке мен бірліктің мерекесі.

Балалардың кіруі

Көңілді әуенмен балалар залға кіріп, орындарына тұрады.

Тақпақтар

1-бала:

Наурыз келді далама,

Наурыз келді қалама.

Қуанып қарсы аламыз,

Мерекені бәріміз.

2-бала:

Күн мен түн теңелді,

Жер шуаққа бөленді.

Наурыз келіп төріме,

Береке боп енер ме.

3-бала:

Армысың, аз Наурыз,

Қуаныш боп кел Наурыз.

Бақ-береке әкеліп,

Шаттық сыйла, Наурыз!

Ән: «Наурыз келді»

(Балалар мерекелік ән орындайды.)

Көрініс

Залға Әже келеді.

Әже:

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Наурыз мерекесі құтты болсын! Бұл күні адамдар бір-біріне ақ тілектер айтып, үлкендерді құрметтеген.

Балалар:
Наурыз құтты болсын!

Ұлттық ойын: «Арқан тарту»
Балалар екі топқа бөлініп, ойын ойнайды.
Ұлттық ойын: «Асық жинау»
Белгі берілгенде балалар асықтарды жылдам жинайды.

Би: «Қара жорға»
Қыздар мен ұлдар ұлттық би билейді.

Наурыз бата
Әже:
Ақ мол болсын!
Денсаулық зор болсын!
Әр шаңырақта қуаныш,
Береке мен ырыс болсын!
Балалар:
Әумин!

Қорытынды ән
Барлық балалар бірге «Наурыз» әнін орындайды.
Жүргізуші:
Құрметті қонақтар! Бүгінгі мерекемізге келгендеріңізге рақмет! Ұлыс
оң болсын, ақ мол болсын! Наурыз мерекесі құтты болсын

